

## Анықтама

2025 жылдың қыркүйек айында №1 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінде 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуін жеңілдету мақсатында психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында балалардың бір-бірімен танысуы, топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту, эмоцияларын тану және басқару, өз-өзіне деген сенімділікті арттыру жаттығулары жүргізілді. Тренинг жылы, достық атмосферада өтіп, оқушылардың мектепке бейімделу процесіне оң әсерін тигізді.

### Мақсаты

1-сынып оқушыларының жаңа оқу ортасына бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету, эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз ету және ұжымда тиімді қарым-қатынас орнату дағдыларын қалыптастыру.

Педагог-психологтар: Құттымұратова Г.Б.  
Акимова Е.Ж.

